


Логарифмдік қағаз бойынша сүзілу көрсеткішінің уақытқа тәуелділігі түзу сызық түрінде беріледі, сондықтан су бергіш көрсеткішін 3-5 және 10-15 минутқа өлшеу қажет, кейін өлшеулерді тоқтатады. Логарифмдік қағаз бойынша, белгілі уақыт аралығында су бергіш көрсеткіштеріне сәйкес, екі нүкте белгіленеді. Екі нүктені түзу сызықпен қосады. Бұл сызықтың 30 минтең сызықпен қиылысу нүктесі, сол уақыттағы су бергіштің көрсеткішіне тең болады. Осы әдіс бойынша су бергіш көрсеткішін анықтау уақыты қысқарады.



Сурет 14 –Логарифмдік қағаз бойынша сүзілу көрсеткішін есептеу

Бұрғылау тереңдігі тереңдеген сайын жоғары температураларда сазды ерітіндінің сүзілу көрсеткішін анықтау қажеттігі туады. Ол үшін ФП-200 сүзгі қысымы қолданылады, ол термоөңдеу және сүзілудің статикалық және динамикалық көрсеткішін өлшеу үшін арналған. Сүзгі-қысымы – бұл күрделі стационарлы аспап, сондықтан да жоғары температураларда сүзілу көрсеткішін өлшеу тек зертханалық жағдайларда жүргізіледі.

Қабықшаның қалыңдығы екі әдіспен өлшенеді. Су бергіш көрсеткішін анықтауға арналған аспаптан шығарылған сазды қабаты бар сүзгіні шыны пластиканы үстіне орналастырып, сызғыштың көмегімен қабықшаның қалыңдығын өлшейді. Бұл әдісті дала жағдайларында қолданады. Ал жуу сұйықтықтарының қалғанын тұрақты зертханаларында, Вика аспабының көмегімен анықтайды. 15-ші суретте кескінделген.

Бұл аспап тығынға 9 бекітілген және мойнақ 5 бойынша қозғалатын цилиндрлік өзектен құралған. Өзектің осі тығынның 9 тақтасына 5 перпендикулярлы. Өзекке бағдарша 3, ал станинада – 0-40 дейін бөлінген шкала бекітілген.